қадағалансын.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жоспарлы түрде жүзеге асырылсын.
3. Мектебіміздегі мектепалды даярлық тобы мен шағын дамыту орталығының жұмысы одан әрі қадағалансын.
4. Мектепішілік бақылау жұмыстарының жүргізілуі, электронды күнделіктің дұрыс толтырылуы, ата-ана мен оқушының күнделікке уақтылы кіруін қадағалап отыру оқу ісінің орынбасары М. Наубетовке тапсырылсын.
5. Оқушылардың интернет желісіне қызығушылығын азайтындай жоспарлы жұмыс жасау - әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілерге міндеттелсін.

Пед. кеңес төрағасы: /Л. Аманғалиева/
Пед. кеңес хатшысы: /Л. Нағметова/

№5 хаттама
24 наурыз 2022 жылы Қарасу негізгі мектебінде педагогикалық кеңес өтті.

Қатысқаны - 22
Қатыспағаны - 0.

"Қарасу негізгі мектебі" КММ
Педагогикалық кеңес
Хаттама №:5

Өткізілу күні: 24.05.2022 ж
Қатысушылар: педагогикалық ұжым
Кеңес төрағасы - Л.Ж. Аманғалиева
Хатшы: Л. Нығметова

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие үдерісінің қорытындысы.
М. Наубетов оқу ісі орынбасары.
2. Мектеп бітіруші 9-сынып білім алушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткізу және қорытынды аттестаттаудан босату туралы, 2-8-сынып оқушыларын сыныптан-сыныпқа көшіру туралы, 2-8-сынып білім алушыларын үздік оқыған мақтау қағазымен марапаттау. Оқу ісі орынбасары М. Наубетов
3. 2021-2022 жылы мұғалімдерді аттестаттау қорытындысы, 2022-2023 жылы аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімін бекіту туралы.
4. Мектеп мұғалімдерінің нәтижелі жұмысын арттыру жолы. Ағылшын үйірме сабақтарының нәтижелері.
5. 2021-2022 оқу жылындағы жазғы мектеп және лагерь жұмысының жүргізілу хабарламасы. А. Дүйсенғалиева тәрбие ісі орынбасары

Тыңдалды:

Өткен педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы. Қаулыда көрсетілген білім сапасын көтеру, құқық бұзушылықты алдын алу шаралары, ШКО мен мектепалды даярлық тобының жұмысының жүргізілуі, Мектепішілік бақылау жұмыстарының орындалуы қадағаланып, жақсы игі істер атқарылуда. Педагогикалық кеңес қаулысы орындалды.

Мектебіміздің 2021-2022 оқу жылында
1-9 сыныпты 50 оқушымен бастап, оқу
жылын 47 оқушымен аяқтап отырмыз.
2021-2022 оқу жылында 8 үздік, 17 оқушы
жақсы нәтижемен аяқтады. Білім сапамыз-
60% құрап отыр. Мектепте 23 педагогика-
лық қызметкер қызмет атқарады.
11- жоғары білімді, 12- арнаулы орта білімді.
1- педагог зерттеуші, 3 сарапшы, 6 модератор,
2- жоғары санатты, 5- бірінші санатты,
2- екінші санатты, 4- санатсыз педагог
оқушыларға білім береді.

1- сыныпқа баға қойылмайды.
2- сыныпта 6 оқушы 1 озат 3 екп. 66%
3- сыныпта 5 оқушы 1 озат 1 екп 40%
4- сыныпта 3 оқушы 1 озат 1 екп 66%
5- сыныпта 7 оқушы 2 озат 2 екп 57%
6- сыныпта 7 оқушы 2 озат 1 екп 42%
7- сыныпта 5 оқушы 1 озат 1 екп 40%
8- сыныпта 4 оқушы – 4 екп 100%
9- сыныпта 4 оқушы – 4 екп 100%

Жалпы білім сапасы - 60%

Мектепішілік бақылау жұмыстары
алынып, қорытындысы шығарылды.
Әр бірлестік жетекшілері өздерінің
хабарламаларын жасады.
Оқу жылы бойынша бірлестік жұмыс
жоспарын жүйелі жасады. Апталық-
тар өтіп, талданды. Бастауыш
бірлестігінде аудандық семинар
„Шығармашылық бастауыш - ізденісте"
өтті. Мұғалімдер ашық сабақтар
беріп, өз іс-тәжірибелерін ортаға салды.

Нәтижесінде 4 мұғалім аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды. Оқушыларымыз республикалық, облыстық, аудандық олимпиадаларда жүлделі орындар алды.

Мұғалімдеріміз де біраз жетістіктерге жетті. Атап айтсақ, облыстық пәндік олимпиададан М. Наубетов II орын, Аманғалиева Л II орын, Нұрғалиева А I орын, Нысметова Л II орын, III орын, I орын, Б. Жолшина II орынмен марапатталды. Ақмұханбетова А мет тілі бойынша "Үздік сабақ" байқауы II орын алды.

Тәрбие жұмысында да біраз игі істер атқарылды. 4 тоқсанда ата-ана жиналысы өтті. Сауалнама жүргізілді. Тәрбие сағаттары өтіледі. Мектепішілік тәрбие бағытында семинар өтіп, жақсы деп бағаланды.

Мектебімізде 2021-2022 оқу жылында мұғалімдерді аттестаттау қорытындысы жасалды. Нәтижесінде мектебіміздің жоғары санатты тәжірибелі мұғалімі Нысметова Лаззат Аманқызы педагог-зерттеуші біліктілігіне ұсынылып отыр. Енді 2021-2022 оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдер Ә. Дүйсеғалиева, А. Нұрғалиева, М. Ерлек.

Мектебімізде ақылы үйірмелер жұмыс жасауда. „Теннис" үйірмесі, „Қол күрес" үйірмесі, „Бокс" үйірмесі, „Театр" үйірмелері. Зерттеу сабақтары да уақтылы өтіліп отырды. Нәтижесінде сыныптағы оқушылар зерттеу білімінің жолға қойылғаны айқын.

Үйірме жетекшілері жоспармен жүре отырып, жақсы істер атқарды. „Қол күрес" үйірмесінің мүшесі 9-сынып оқушысы Берекет Бек жүлделі I-II орындарды иеленді. „Вокал" үйірмесінің мүшелері мектепішілік шараларға белсене қатысады. мүшесі Н. Базарбай Алғыс хатпен марапатталды.

2021-2022 оқу жылынан бастап жазғы мектеп 26 мамыр - 17 маусым аралығында сабақ өткізеді. Жазғы мектеп жұмысына жоспар жасалып бекітілді. Сабақ кестесі, сабақ жоспарлары құрылды. Сынып журналы жүргізілді. Оқушылар түгелдей дерлік қамтылды.

1 маусымнан бастап, жазғы демалыс лагері басталады, Бастауыш сынып оқушылары түгел қамтылып отыр. Лагерьге жетекші мұғалімдер бекітілді.

Сөйлеушілер:

1. А. Нұрғалиева А - ағылшын тілі мұғалімі.

Күн тәртібіндегі мәселер төңірегінде. Мектебімізде біраз игі шаралар жасалғанын көріп отырмыз. Оқушыларымыздың жетістігі - біздің мақтанышымыз, біздің еңбегіміздің жемісі екенін бәріңізге аян.

Мұғалімдерді аттестациялау туралы айтсақ, әрине, мұғалімнің еңбегінің еленгені дұрыс. Әззат - мектебіміздегі тәжірибелі ұстаз. Еңбегі зор, ізденімпаз, жаңалыққа жаны құмар. Педагог - зерттеуші біліктілігіне әбден лайық.

Бәріміз бір ауыздан қолдайық.

2. Б. Жолшина - бастауыш сынып мұғалімі.
Менде міндеттерді тыңдадым.
Оқушы жетістігі, білімі - ұстаздың жұмысының нәтижесі екені белгілі ғой.
Зерттеу сабақтары тізбектелген ашық сабақтар өтіп, зерттеу нәтижесі анықталып отырады. Ағылшын үйірме жұмыстарының нәтижелері де көрінді.
Оқушылар жүлдені орындар алып отыр.
Биылғы оқу жылының нәтижесі жақсы болады деп ойлаймын.
Алдағы оқу жылында да осындай жетістіктеріңіз көп болсын.
3. Г. Өтемісова - математика пәнінің мұғалімі.
Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдадық.
Тәрбие жұмысында да жақсы жұмыс жүрді. Жазғы мектеп бағы жүргізіліп отыр ғой. Оқушыларды жаңа мақсатында әрине дұрыс деп есептейсің.
Келесі оқу жылында жетістігіңіз көп болсын. Оқушының білімі, тәртібі ұстаз еңбегімен қатар жүретін процесс.
Олай болса, біліміміздің тереңдете отырып, ізденіспен жұмыс жасай берейік.
Жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып, педагогикалық кеңес
қаулы етеді:
1. 2021-2022 оқу жылындағы білім сапасын қорытындылай отырып, 1-8 сынып оқушылары сыныптан сыныпқа көшірілсін.
2. Мектебіміздегі Үздік оқушылар Мақтау қағазымен марапатталсын
3. Сынып жетекшілер бірлестігі, пән бірлес

тіктері, бастауыш сынып бірлестігінің жұмыстары тыңдалып, қорытындысына сүйеніп, „қанағаттанарлық" деген баға б е р і л с і н.

4. 2021-2022 оқу жылындағы мұғалімдерді аттестаттау қорытындысы бойынша жоғары санатты, тәжірибелі ұстаз Нығметова Лаззат Амановна педагог-зерттеуші біліктілік санатына, тәрбиеші Сансызбаева Лаззат Оразовна сарапшы біліктілік санатына ұ с ы н ы л с ы н.

5. 2021-2022 оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдер Ә. Дүйсеғалиева, А. Нұрғалиева, М. Ержек тізімге енгізіл-с і н.

6. Зерттеу сабақтарының нәтижелері тыңдалып, жұмысына „қанағаттанарлық" деген баға б е р і л с і н.

7. 2021-2022 оқу жылында жазғы мектеп жұмысының жүйелі, сапалы өтуі бақыланып, қ а д а ғ а л а н с ы н. Жазғы демалыс лагерь жұмысының жүргізілуі бақылауға а л ы н с ы н.

8. 2021-2022 оқу жылын аяқтаған 9 сынып оқушылары қорытынды аттестатауға жіберілсін.

Пед. кеңес төрағасы: [signature] А. Аманғалиева /

Пед. кеңес хатшысы: [signature] Л. Нығметова /